

### **Данқ ескерткіші**

1983 жылдың 3 – мамырында қаланың М. Жүсіп көшесінде Данқ ескерткіші орналастырылды. Сол жылдың 9 – мамырында Ұлы Отан соғысын еске алу күнінде ашылу салтанаты өтті.

Ескерткіш арнайы жасалған төбешікте ұшында қызыл жұлдызы мен «Жеңіс» орденінің макеті бар бес атар мылтықтың найзасы еспеттіс және алтарында мәңгілік алау орналастырылып жасалған.

Мәңгілік алау 2003 жылға дейін тек мереке күндері ғана алаулаған. Ал, қалпына келтіру жұмысынан кейін от «мәңгілікке» айналды.

Биіктігі – 12 метрлік ескерткіш металл мен темір бетоннан жасалған.

Данқ ескерткішінің авторы – қаланың танымал суретшісі Пантелеев Сергей Павлович.

Ұлы Отан соғысының 65 – жылдығына орай және қалпына келтіру жұмыстары арқылы ескерткіш келбетіне өзгерістер енгізілді. Нақтырақ айтсақ, бес атар мылтықтың найзасы іспеттес ескерткіштің үш жақ бөлігінде «майдан мен тыл біріккен» атты ұранмен жауынгердің, семсер ұстаған ұста мен орақ пен балға ұстаған шаруа әйелінің мүсіндері көтерілді.

С.П. Пантелеевке бұл мүсіндерді жасауға құрылысшы Нұрлыбек Букенов, тас қашаушы Николай Драгин және суретші Жақсыбек Букенов көмектесті. Сонымен қатар, мүсіндерді жасауда қолданылған балшықты қыш цехі жеткізіп отырды.